ТАЛҚЫЛАУ ХАТТАМАСЫ
ХАТТАМА №1

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін талқылау
Өткізілген күні: «10» қыркүйек 2026 жыл, Өтеген батыр ауылы
Қатысқандар: «Іле аудандық мәслихат аппараты» ММ қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мәслихат аппаратының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау.
2. Анықталған тәуекелдердің алдын алу және оларды төмендету жөніндегі шараларды қарау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша **мәслихат заңгері С.Ерболатұлы** сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік орган қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, оларды анықтау және жою бойынша тұрақты жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті. Мәслихат аппаратының қызметіне жүргізілген ішкі талдау барысында мемлекеттік сатып алу, кадрлық рәсімдер, азаматтардың өтініштерін қарау, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және тіркеу, құжат айналымы, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп талаптарын сақтау бағыттары бойынша ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қаралды.

АНЫҚТАЛДЫ:

Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал етуі мүмкін мынадай факторлар анықталды:

1. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде лауазымды тұлғалардың шешім қабылдауындағы субъективтілік тәуекелі.
2. Құжаттарды қарау және келісу рәсімдерінің сақталмау тәуекелі.
3. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде белгіленген мерзімдердің бұзылу тәуекелі.
4. Кадрлық рәсімдерді жүргізу кезінде заңнама талаптарының бұзылу тәуекелі.
5. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі.
6. Қызметтік ақпаратты пайдалану және оның сақталуын қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдер.
7. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп талаптарын бұзу тәуекелі.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Мәслихат аппаратының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды болдырмау бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілсін.
2. Аппарат басшысы, бөлім басшысы қызметтік міндеттерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
3. Кадрлық және өзге де әкімшілік рәсімдерді жүргізу кезінде ашықтық пен объективтілік қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау қамтамасыз етілсін.
5. Қызметтік міндеттерді орындау барысында мүдделер қақтығысына жол бермеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың алдын алу қамтамасыз етілсін.
6. Мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптарды сақтау қажеттілігі түсіндірілсін.
7. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және олардың алдын алу бойынша қабылданған шаралардың орындалуына жауапты тұлғалар белгіленсін.
8. Хаттамада көрсетілген шаралардың орындалуын бақылау аппарат басшысы Б.Мұсаевқа жүктелсін.

Төрағалық етуші: М. Карибаев _____

Хатшы: С. Ерболатұлы _____

Таныстры:

Аппарат басшысы Б.Мұсаев _____

Бөлім басшысы А.Рахимбаева _____

Бас маман Ғ.Мұнасова _____

Бас маман Ұ.Еркін _____